Әдістемелік кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

27.08.2026

Әдістемелік кеңес мүшелері :
Телеубергенова К - мектеп директорының ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары , кеңес төрайымы
Құлмаханбет Л – мектеп директоры
Кулиева Э - мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Асылбекова А - мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Ахатова Г - мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
Есенбаева А - мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
Демеуова Ғ - қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігінің жетекшісі
Қалдарбек Ұ -орыс тілі мен әдебиет пәні бірлестігінің жетекшісі
Бейсенова Л - ағылшын тілі пәні бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі
Даниярова Д - химия, биология пәндері бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі
Зейнеханова Г - математика, бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі
Байменова А - информатика бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі
Жұмабекова Б - тарих, география пәндері бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі
Пошаров Б - технология,бейнелеу және сызу пәндері бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі
Джанабаев Н - дене шынықтыру пәні бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі
Тулемисова М - бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі, кеңес мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2026–2027 оқу жылына арналған мектепішілік бақылау жоспарының әдістемелік жұмысқа қатысты бағыттарын іске асыру.

2. 2026-2027 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, іс-жүзінде асыру.
Пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың, ҚМЖ-лардың және вариативтік компонент курстарының оқу бағдарламаларына сәйкестігі.
3. Жас және жаңадан келген педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін анықтау, «Жас мұғалім – тәлімгер» жүйесіндегі жұмысты ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың ғылыми – әдістемелшік жұмыс жөніндегі орынбасары – К.Қ.Телеубергенова әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Әдістемелік жұмыстың мазмұны педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге, сабақ сапасын арттыруға, оқушылардың білім жетістіктерін бақылауға және оқу-зерттеу қызметін дамытуға бағытталуы қажеттігі атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдістемелік кеңестің бірінші сұрағы бойынша 2026-2027 оқу жылына арналып құрылған әдістемелік жоспармен және онда қаралған сұрақтармен таныстырылды. Әдістемелік кеңес жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсанда бекітілген N644 бұйрығының ережелері мен талаптарына сәйкес 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік жоспары қаралып талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша мектеп ұжымын 2026-2027 оқу жылына арналған нұсқау хатпен таныстырды.
Оқу құжаттамаларын зерделеу барысында пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен қысқа мерзімді жоспарларының оқу мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету, жоспарлау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу қажеттіліктерін ескеру мәселелері қаралды.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру. Орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері бойынша тоқталды. Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Л.Бейсенова және Д.Даниярова әдістемелік нұсқау хатты бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерін ортаға салды. Ұсыныс қабылданды.

Келесі мәселе бойынша жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жоспарлары қаралды, талқылап бекітуге ұсынылды.

№	Жас маман	пәні	тәлімгері
1	Ибадулла Сандуғаш	математика	Зейнеханова Гулшат
2	Сарбассова Гулшат	Бастауыш сынып мұғ	Әбіл Гулбану
3	Лесбек Лаура	Орыс тілі	Қалдарбек Улжалғас
4	Есенбай Нүргүл	математика	Махимова Ж
5	Бахарам Мадина	математика	Ибрагимова М
6	Бейсен Гаухар	химия	Даниярова Дарига
7	Жұматаева Анар	Бастауыш сынып мұғ	Исабекова Б

Директордың ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары- К.Қ.Телеубергенова осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі бекітілген №160 бұйрығына сәйкес тәлімгерлік жоспардың құрылымымен танысырды және төмендегіні қамтитынын айтты: 1) кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысу (айына 2 реттен кем емес); 2) педагогтердің жекелеген санаттарының, оның ішінде сынып жетекшілері үшін міндетті құжаттарды бірлесіп ресімдеу және толтыру; 3) кәсіби қалыптасу мәселелері бойынша педагогтің консультациясы: лауазымдық міндеттерін атқару кезінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге оқыту; педагог кәсібін, сабақтарды сапалы өткізудің практикалық әдістері мен тәсілдерін меңгеру; білім беру процесін ұйымдастыруда оқытудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану; 4) педагогпен кәсіби әңгімелесу және / немесе жеке коучинг; 5) сабақты, әдістемелік семинарларды, мастер-кластар мен тренингтерді зерттеу бойынша мектеп топтарына қатысу; 6) педагогтің кәсіби дамуына, моральдық және іскерлік қасиеттеріне, оның жұмысқа, ұжымға және білім алушыларға қарым-қатынасына мониторинг жүргізу; 7) орта білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің отырысында аралық есеп (оның ішінде электрондық) және бейнеролик (1-жартыжылдықта) ұсыну керектігі айтылды. Сонымен қатар шағын жинақты мектептегі тәлімгер мынадай талаптарға сай болуы қажет: 1) "педагог-зерттеуші" не "педагог-шебер" біліктілік санаты; 2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы; 3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім сапасы кемінде 50% - 60% жақсартуға үлес қосуымыз шарт деді.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

1. 2026-2027 әдістемелік жұмыс жоспары бекітілісін. 2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы барлық көрсетілген ережелер оқу-әдістемелік үрдісте қолданыс тапсын.
2. Жас мамандар мен оларға тәлімгерлер бекітілісін. Жас және жаңадан келген педагогтерге тәлімгерлер тарапынан жүйелі әдістемелік қолдау көрсетіліп, сабақтарға қатысу және кері байланыс ұйымдастырылсын.
3. Әдістемелік бірлестік жетекшілері бастапқы білім кесіндісінің нәтижелерін талдап, білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша нақты жұмыс жоспарын ұсынсын.
4. Оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау, білімдегі олқылықтарды толықтыру және ғылыми жобаларға дайындық.

"Педагог-сарапшы" және "педагог – модератор" біліктілік санатын беруге немесе растауға өтініш берген мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін жинақтаудың авторлық бағдарламалары мен материалдарын қарау / ҒӘЖО К. Телеубергенова/

"Педагог-зерттеуші" біліктілік санатын растауға 1 мұғалім өтініш берді:
1.Көбен Кенжегул Арапбайқызы - тарих пәні мұғалімі

"Педагог-сарапшы" біліктілік санатын алуға 3 мұғалім өтініш берді:
1.Арипжанов Мықтыбек Абибуллаевич - дене шынықтыру пәні мұғалімі
2.Тастанбековна Ұлжан Ережеповна - ағылшын тілі пәні мұғалімі
3.Туребаева Мөлдір Рысалиевна - тарих пәні мұғалімі
4.Хасан Санжар Хасанұлы - дене шынықтыру пәні мұғалімі

"Педагог-модератор" біліктілік санатын алуға 10 мұғалім өтініш берді:
1.Жақсыбаев Жамбыл – математика пәні мұғалімі
2. Абдрашит Анар - математика пәні мұғалімі

3.Жұмағұл Жанайым - физика пәні мұғалімі
4.Кидирова Ақнұр - тарих пәні мұғалімі
5.Зиманова Ерке – тарих пәні мұғалімі
6. Мырзанов Әскербек - дене шынықтыру пәні мұғалімі
7.Сретай Мустафа - дене шынықтыру пәні мұғалімі
8.Кеңес Роза - дефектолог
9.Ирайымов Сергазы – кәсіптік білім беруші мұғалім
10.Эргашов Қайрат - дене шынықтыру пәні мұғалімі

Барлық пәндер аттестаттау ережелеріне сәйкес әдістемелік материал ұсынды: авторлық бағдарламалар және педагогикалық тәжірибені жалпылау. Әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында әдістемелік материалды әріптестер қарады. Ұсынылған материалды мақұлдауды және тәжірибені таратуға кеңес беруді ұсынамын.

Әдістемелік кеңес төрағасы Телеубергенова К
Хатшы Жасұзақ Ж

Авторлық бағдарламаларды ұсынған мұғалімдердің тізімі

№	Мұғалімдер аты-жөні	Лауазымы	Тақырыбы	ӘБ
1	Телеубергенова Кунсая	География пәні мұғалімі	«Картография»	Тарих - география ӘБ
2	Еркін Сәуле	Химия пәні мұғалімі	«STEM біліміндегі химия: интеграция және инновация»	Химия - биология ӘБ
3	Бейсен Гаухар	Химия пәні мұғалімі	«Өсімдікке не керек? Оны қалай өлшейміз және дәлелдейміз»	Химия - биология ӘБ
4	Тұяқова Гулшат	Телестудия жетекшісі	«Мектеп телестудиясы оқушылардың медиасауаттылығын , шығармашылық қаблетін және заманауи құыреттерін дамытудың тиімді алаңы»	